

SEASONAL DYNAMICS OF DEVELOPMENT AND DISTRIBUTION OF APPLE SCAB IN THE ALMATY REGION

A. Agibaev¹, Zh. Kadyrbekova¹, B. Kopzhasarov², Zh. Zhumanova²

¹Kazakh national agrarian university, Almaty, Kazakhstan,

²Kazakh research institute of plant protection and quarantine, Almaty, Kazakhstan

Keywords: raid, leaves, level of development.

Abstract. The article presents data on the seasonal dynamics of the development and spread of apple scab under the Almaty region

ӘОЖ 634.11:632.4.(574.51)

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА АЛМАНЫҢ ТАЗ ҚОТЫР АУРУЫНЫҢ ТАРАЛУЫ МЕН МАУСЫМДЫҚ ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

А. Ж. Ағыбаев¹, Ж. Д. Қадырбекова¹, Б. К. Көпжасаров², Ж. К. Джуманова²

¹Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан,

²Қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми зерттеу институты, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: таз қотыр, мақпал өнез, жапырақ, даму деңгейі.

Аннотация. Мақалада Алматы облысы жағдайында алманың таз қотыр ауруының таралуы мен маусымдық даму динамикасы жайлы мәліметтер келтірілген.

Кіріспе. Жеміс шаруашылығы – Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы ауылшаруашылығының негізгі салаларының бірі. Алматы облысы – құрамында адам ағзасына қажетті дәрумендер, органикалық қышқылдар, минералды тұздар кездесетін жеміс, жидек және жүзім өндіретін, республикамыздағы жетекші аудандардың бірі. Қазіргі кездегі планетамыздағы экологиялық мәселелер кезеңінде жемістердің емдік қасиетінің маңызы өте зор, себебі адам иммунитетін, ағзасына тікелей терапиялық әсер көрсете алатын, жеміс-жидектерде кездесетін биологиялық

белсенді заттармен қамтамасыз ету қажет. Жемістердің негізгі рөлі – түрлі аурулардың алдын алу. Көптеген жемістердің профилактикалық функциясы, ең алдымен, олардың зат алмасудың поливалентті оң әсерлі әрекеттері мен өмірлік маңызы бар мүшелердің қызметінің функциясының артуы арқасында жүзеге асады, мұның барлығы жиналып, адам ағзасының қоршаған ортаның жағымсыз факторларына төзімділігін арттырады [1].

Алма ағашы – негізгі жемісті дақыл, Қазақстанның бүкіл бақша ауданының шамамен 95 %-ын құрайды, биологиялық және өндірістік құнды белгілерге ие: жақсы тасымалданады және жемістер жақсы сақталады, десертті қасиеттерге ие және қанағаттандырушы деңгейде аязға төзімді [2].

Алайда, алынатын өнімге және оның сапасына микроағзалар (саңырауқұлақтар мен бактериялар) тудыратын түрлі аурулар үлкен зиян келтіреді, соның ішінде, таз қотыр ауруымен залалдану кезінде алманың өнімділігі орта есеппен 12,9 ц/га дейін, ал ауру жемістердің салмағы 39,8 % төмендейді. Ауру қоздырғышы – *Venturia inaequalis* Wint. саңырауқұлағы. Алманың таз қотыр ауруы – Алматы облысы жағдайында алманың ең қауіпті ауруларының бірі болып табылады. Таз қотыр ауруының негізгі белгілері жапырақтарда ең алдымен дөңгелек жасыл-майлы дақтар пайда болады, көп кешікпей оларда қара-сарғыш барқыт тәрізді конидиялды споратасушы өңезі қалыптасады. Біртіндеп дақтар саны артады және олар сарғылт-боз түске ие болады [3, 4].

Жемістерде бастапқыда майда қара дақтар пайда болады, содан соң олар өсе бастайды. Залалданған жердегі жеміс ұлпалары ағаштана бастайды. Қатты залалданған жерлері жарылады. Жеміс дақтарының бетінде де конидиялды споратасушылары пайда болады. Ерте залалдану кезінде жемістер біркелкі жетілмей қалады [5].

Біздің жұмысымыздың мақсаты болып алма дақылының Алматы облысы жағдайында таз қотыр ауруының таралуы мен маусымдық даму динамикасын анықтау болды.

Зерттеу әдісі. Таз қотыр ауруының даму динамикасын тексеру жұмыстары жемістің тауарлық пісіп-жетілу кезеңінде фитопатологиядағы және өсімдік қорғаудағы жалпылама қабылданған әдістер бойынша орындалды.

Зерттеу нәтижелері. Таз қотыр ауруының таралуы мен маусымдық даму динамикасын анықтау үшін біз Алматы облысының негізгі жеміс аймақтарында – Қарасай, Талғар және Еңбекшіқазақ аудандарында орналасқан алма бақтарына бағыттық тексеру жұмыстары жүргізілді. Алматы жеміс аймағында жабайы өсетін тоғайларда бір орташа залалданған алманың салмағы сау алманың үштен бір бөлігіне тең келеді.

Алма бақтарын тексеру нәтижелері көрсетіп отырғандай, Алматы облысының әртүрлі шаруашылықтарында таз қотыр кең таралған аурулардың бірі болып отыр. Қарасай ауданы «Суюнова» шаруа қожалығында таз қотыр ауруының жапырақтарда таралуы 53,4 %-ды құраса, даму деңгейі бойынша 32,1 %-ды көрсетті; ал жемістерде таралуы бойынша 48,8 %-ға дейін және 26,2 % көрсеткішке оның даму деңгейі ие. Сонымен қатар, Еңбекшіқазақ ауданы «Әлиев», «Бақтияр» шаруа қожалықтарында аурудың жапырақтарда таралуы 66,8-58,6 % арасында ауытқып отырса, даму деңгейі бойынша 30,3-34,3 %-д көрсетті; ал жемістерде 46,3-тен 33,2 %-ға дейін таралуы және 35,2-28,6 %-ды даму деңгейі көрсетті. Талғар ауданы «Олжар» шаруа қожалығында аурудың таралуы жапырақта 50,8 %-ды, даму деңгейі 28,0 % көрсетті; ал жемістерінде таз қотырдың таралуы 34,2 % даму деңгейі 25,6 % болды. Таз қотыр ауруының таралуы мен даму деңгейі бойынша аудандар арасында айтарлықтай ерекшелік байқалмады (кесте).

Алматы облысы шаруашылықтарындағы алманың таз қотыр ауруының таралуы және даму деңгейі, 2014 ж.

Шаруашылықтар	Тексерілегін аудан, га	Аурудың индексі, %			
		жапырақтарда		жемістерде	
		таралуы	даму деңгейі	таралуы	даму деңгейі
Қарасай ауданы, ҚазКЖБШПЗ	2	22,6	20,2	18,2	14,4
Қарасай ауданы, «Суюнова» ШҚ	3	23,4	22,1	28,8	26,2
Талғар ауданы, «Олжар» ШҚ	2	30,8	28,0	34,2	25,6
Еңбекшіқазақ ауданы, «Әлиев» ШҚ	7	56,8	30,3	46,3	35,2
Еңбекшіқазақ ауданы, «Бақтияр» ШҚ	2	48,6	34,3	33,2	28,6


Алмадағы таз қотырдың мұндай көрінісіне 2014 жылғы ауа райы жағдайы (созылыңқы салқын көктем, жауын-шашын мөлшері аз және жаз мезгілінің ыстық әрі құрғақ болуы) әсер етті. Ауру белгілерін негізінен залалданған жапырақтар мен жемістерден байқауға болады (1-сурет).



1-сурет – Алма жемісіндегі таз қотыр ауруы (Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы, «Әлиев» ШҚ, 2014 ж.)

Аурудың даму динамикасын анықтау үшін біз Алматы облысы, Қарасай ауданы жағдайында, вегетациялық кезеңге сәйкес, алма жемісіндегі таз қотыр ауруының маусымдық даму динамикасын анықтандық.

Нәтижесінде, таз қотыр ауруының максималды даму деңгейі 27,3 % мамыр айында байқалды, бұл айда ең көп жауын-шашын мөлшері тіркелді. Ал сәуір, маусым, шілде және тамыз айларында бұл көрсеткіштер 6,5-15,0 %-ды құрады (2-сурет).



2-сурет – Аурудың максималды даму деңгейі

Қорытынды. Қорыта келгенде, Алматы облысы, Қарасай ауданындағы алма-бақ шаруашылықтарын зерттеу дақылдың бірнеше ауру түрлерімен залалданатынын айқындады. Олардың ішіндегі ең көп таралғаны таз қотыр ауруы болып табылады, оның таралуының ең жоғарғы көрсеткіштері Қарасай ауданындағы «Суюнова» ШҚ, Талғар ауданындағы «Олжар» ШҚ, Еңбекші Қазақ ауданындағы «Бақтияр» ШҚ (58 %) байқалды.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Оспанов А.Т. Жеміс өнімдерін дайындаудың жаңа технологиясы. – Алматы, 2003.
[2] Шкалик В.А. Защита растений от болезней. – М.: Колос, 2004. –203 с.
[3] Сагитов А.О., Джаймурзина А.А., Туленгутова К.Н., Карбозова Р.Д. Ауылшаруашылық фитопотологиясы. – Алматы, 2000. – 210 б.
[4] Исин М.М. Болезни сада. – Алма-Ата, 1984. – 247 с.
[5] Атлас главнейших вредителей и болезней плодово-ягодных культур и винограда Казахстана. – Алматы, 2010.

REFERENCES

- [1] Ospanov A.T. The new technology of fruit products. Almaty, 2003.
[2] Shkalikov V.A. Protection of plants from diseases. Moscow, 2004. 203 p.
[3] Sagitov A.O., Dzhaymurzina A.A., Tulengutova K.N., Karbosova R.D. Fitopotology of Agriculture. Almaty, 2000. 210 p.
[4] Isin M.M. Diseases of the garden, Alma-Ata, 1984. 247 p.
[5] Atlas of the most important pests and diseases of fruit and berry crops and grapes Kazakhstan, Almaty, 2010.

**СЕЗОННАЯ ДИНАМИКА РАЗВИТИЯ И РАСПРОСТРАНЕНИЯ ПАРШИ ЯБЛОНИ
В УСЛОВИЯХ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

А. Ж. Агибаев, Ж. Д. Кадырбекова, Б. К. Копжасаров, Ж. К. Джуманова

Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан,
Казахский НИИ защиты и карантина растений, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: парша, налет, листья, уровень развития.

Аннотация. В статье приводятся данные по сезонной динамике развития и распространения парши яблони в условиях Алматинской области.

Поступила 09.04.2015г.

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES

ISSN 2224-526X

Volume 2, Number 26 (2015), 111 – 117

**FUNCTIONING OF AGRICULTURAL FORMINGS
IN NATURALLY-AGRICULTURAL ZONES OF KAZAKHSTAN**

A. B. Tuletaev

Institute of Geography of the Republic of Kazakhstan, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: hat_0512@mail.ru

Key words: agricultural units, farms of population, gross output, natural and agricultural zone, production.

Abstract. The analysis of activity of the agricultural forming of the Republic of Kazakhstan is given in naturally-agricultural zones determining food safety of country. The agricultural forming of republic is considered on specialization of farms and volumes of the produced gross products of agriculture.